Физика және заманауи энергетика

Генетика және селекция негіздері

2024-2025 оқу жылы

1-4 сынып

Математика сауаттылығы 1-4 сыныптар

Қызықты грамматика 2 сынып

5-9 – сынып

«Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша аптасына 0,5 сағат:

- ✓ 5 сынып – «Жаһандық құзыреттілік»,
 - ✓ 6 сынып – «Жаһандық құзыреттілік»,
 - ✓ 8 сынып – «Жаһандық құзыреттілік»,
 - ✓ 9 класс – ««Жаһандық құзыреттілік»,
- 10-11 сыныптар

«Жаһандық құзыреттілік «куры бойынша

Кәсіпкерлік және бизнес негіздері 10-11 сыныптар

Элективті курстар:

10 сынып

Биология және медицина

Электродинамика

11 сынып

Физика және заманауи энергетика

Генетика және селекция негіздері

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес вариативті компонент бойынша сабақ кестесі құрастырылды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

Оқу процесі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнының инвариантты оқу пәндерінің аясында жүргізілуіне талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік- тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді. Жалпыға міндетті білім беру стандартында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 1-4 сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағаттық, 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсы аясында 12 сағаттық жылдық жүктемемен жүзеге асырылуы өзін-өзі бағалауға енген оқу жылдарында 100% орындалған.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 26-тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 38 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сай жүреді.

Жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 1-4 сыныптарда - 6 сағат, 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының сынып сағаттарымен кіріктіріліп журналға толтырылған.

Сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерімен іске асырылатын «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының орындалысы «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы зерделеніп, нәтижесінде «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының өзін-өзі бағалауға енген оқу жылдарында 100% орындалғандығы анықталды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

сыныптар	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі(сағат)			
1	19.5	19.5	19.5
2	24	24	24
3	26	26	26
4	26	26	26
5	28.5	28.5	28.5
6	28.5	28.5	28.5
7	31.5	31.5	31.5
8	32.5	32.5	32.5
9	34	34	34
10	35	35	35
11	35	35	35

Инвариантты және вариативті компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестілігі бойынша білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының, инвариантты және вариативті компоненттер бойынша сабақ кестелері, «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік- тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді.

Нәтижесінде бағаланатын кезеңдегі инварианттық және вариативтік компоненттерінде белгіленген апталық және жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі үлгілік оқу жоспарларының апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес келе-тіні және оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі сақталғаны анықталды, ол электронды сынып журналдарындағы жазбалармен расталды.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар: тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптардың орындалысында ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2- қосымшасының 46-тармағы, 3-қосымшасының 62-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 56- тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптары сақталып отыр. Оқу жылы бойында «Bilimal» электронды мектеп

автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы білім алушылардың қозғалысы туралы бұйрықтарды /қабылдау, ауыстыру / талдау нәтижелері және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтермен салыстыру барысында бағаланатын кезең аралығында білім алушылардың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптары сақталғанын көрсетті. Мектептің педагогикалық кеңес хаттамаларында әр оқу жылының сыныптан-сыныпқа көшіру хаттамалары жазылып, оқушылар құрамы туралы бұйрықтар шығарылып отырған. 10 сыныпқа, 1 сыныпқа қабылдау талапқа сай жүрген. Негізге орта мектепті бітіру, жалпы орта мектепті бітіру құжаттары тапсырылған.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығы және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының талаптарын сақтау

. Әр оқу жылының ұзақтығы мен каникул күндерін белгілеуде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің оқу жылын бастау туралы бұйрығымен іске асып отырады. «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы электрондық сынып журналдарын зерделеу барысында бағаланатын кезең аралығындағы жұмыс оқу жоспарларында көрсетілген білім алушылардың әр деңгейі бойынша оқу жылы ұзақтығының оқу аптасының үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу аптасының ұзақтығына, сынып журналындағы жазбаларда көрсетілген күндердің жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде анықталған каникул күндерімен сәйкес келетіні анықталды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі

4.3. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 5 тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3 қосымшасының 7, 12, 17 - тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 4,6 -тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарын орындаудамыз.

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/JoWU/fgW6WDmTn>

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/NYW7/BaN2jWHX6>

2024/2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/uWsA/vfuZKw9FW>

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

<https://cloud.mail.ru/public/PMnr/cjVoVjcJf>

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

<https://cloud.mail.ru/public/ZcCA/33ezKbXWj>

13/1-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/u9Gb/xwFrisKXj>
<https://cloud.mail.ru/public/yFkx/bWzMB3yE4>
<https://cloud.mail.ru/public/K4VR/FuW9g1BvW>
<https://cloud.mail.ru/public/mQet/uj2s9JsFw>
<https://cloud.mail.ru/public/Ftb3/KFowcJvUL>
<https://cloud.mail.ru/public/STyL/L9hrpBYLF>
<https://cloud.mail.ru/public/CYca/bNgfeyDQN>
<https://cloud.mail.ru/public/CYca/bNgfeyDQN>
<https://cloud.mail.ru/public/Nre2/sHxCVMPgv>

қосымша білім беру жоспарлары

<https://cloud.mail.ru/public/zEGf/DdhNCh1Zz>
<https://cloud.mail.ru/public/t9jm/yM8pEEDc6>
<https://cloud.mail.ru/public/MdFM/ym97Jgsez>
<https://cloud.mail.ru/public/2yCt/4rjXW2MrT>

Мектептің тәрбие жұмысы әр оқу жылында өзінің проблемалық- бағдарлы талдауы бойынша мақсат-міндеттерін айқындай отырып жұмыс жасайды. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде төмендегі мемлекеттік нормативтік актілерде белгіленген нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жасайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» заңы
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214- ІҮ;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдесіндегі №591 заңы;
- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау

туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілде;

- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қ.Р 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ҮІ

- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық;

- «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспар 2023 жыл 19.09 № 294

Әр оқу жылы басында нормативтік-жоспарлау құжаттары жинақталып, жұмыс барысында пайдаланылады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу туралы Ереже, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі туралы Ереже, оқушылардың өзін-өзі басқаруы туралы ереже, психологиялық қызмет туралы және әлеуметтік – психологиялық қызмет туралы ереже, кәсіптік бағдар беру қызметінің жұмысы туралы ережелер басшылыққа алынып жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарының, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестердің, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырыстарын өткізу кестелері әзірленіп, бекітілді.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы басшылыққа алынды.

Сынып жетекшілер мектеп жоспары мен оқушылардың қызығушылықтары мен мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс жоспарын жасады. Жоспарға жалпы мектепшілік іс-шаралар, сыныптың дәстүрлі іс-шаралары, сынып сағаттары енгізілді. Мектептегі тәрбие жұмыстарының жай-күйі мен нәтижелілігіне және тәрбие жұмыстары саласындағы жұмыстар тексеріліп, анықтамалары жазылып отырды.

Мектепте тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі ұйымдастырылған. Оның құрылымына директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, кітапханашы, педагог-психолог кіреді. Мектептің тәрбие жүйесі оқу-тәрбие іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған. Педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі тұлғалық бағдарлы білім беру болып табылады, онда мектеп білім алушыларының тұлғалық қасиеттері мен өзіндік дамуы жүзеге асады. Жұмыстар бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізілді.

- Құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Аудодеструктивті және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
- Іс-шаралар өткізу;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- Білім алушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.

Мектеп директорының бұйрығымен әр сыныпқа сынып жетекшілер бекітілген, әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары жүйелі жасалады.

Оқу жылының басында сынып жетекшілердің білім алушылармен жүргізетін жұмыстары мектептегі тәрбие жұмысының кешенді-мақсатты бағдарламасымен сәйкестендіріліп жасалды.

Рухани байлықты, моральдық тазалықты, бәсекеге қабілеттілікті, дене бітімін жетілдіруді және ХХІ ғасырдың өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты, үйлесімді тұлға қалыптастыру мақсатында тәрбие жұмыстары 2022-2023 оқу жылдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыт бойынша жұмыс жасады.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпаратты мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие. Мақсаты- білімалушылар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру.

Білімалушылардың саяси білімін шындай отырып, бейбітшілік, отан, достық туралы сөз ету, діннің зиянды бағыттарынан сақтандыру, еліміздің Заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлау, орындау, материалдық және рухани байлықты пайдалануға, адал еңбекке, бауырмалдыққа, ізгілікке тәрбиелеу барысында құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарынан бастап жұмыс жоспарына енгізілген.

Алғашқы Білім сабағы 1-11 сыныптарда «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында республикалық сынып сағаттары өткізілді.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты білім алушылар арасында жасөспірімдерді жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға, суицидтік іс әрекетке бармауына орай жағдаяттар бойынша мысалдар келтіре отырып жүргізілді. Нәтижесінде мектепте жыл ішінде құқық бұзушылық болған жоқ.

«ҚР Бала құқықтары туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, оның тарау-баптарымен жылда таныстырылып отырады.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың алдын алу мақсатында тұрмыстық зорлық- профилактикасы туралы ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы 214-ІҮ Заңын басшылыққа ала отырып, нормативтік құқықтық құжаттар дайындалды. Барлық сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді.

Құқықтық тәрбие беру төмендегідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жұмыс
2. Педагогикалық ұжыммен жұмыс
3. Ата-анамен жұмыс
4. Психологпен жұмыс

5. Құқық қорғау ұйымдарымен жұмыс

6. Салауатты өмір салты нашақорлыққа қарсы күрес бағытындағы атқарылатын іс шаралар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша «Адал ұрпақ» клубы жұмыс жасады.

Мақсаты - ұрпақтың бойында адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас ұрпақтың рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Білім алушыларды жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда адалдық сағаттары, КВН, видео талқылау, "Адал ұрпақты тәрбиелеуде кибер қауіп-қатерден сақтану жолдары", "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында сурет көрмесі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында жүргізілген жұмыстар да олардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік ойларын қалыптастыруда тағлымдық мәні зор болды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жүргізілген барлық жұмыстар ай сайын әлеуметтік желіге жүктеліп отырды. Сонымен қатар «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қ.Р Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ сыныптарда талданып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие. Мақсаты - жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы түсінік қалыптастыру, «өзін-өзі тану» негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, мектепте рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстардың маңызы ерекше. Қазіргі кезде қоғам алдына қойып отырған рухани-адамгершілік міндеттерін шешуде балалардың бойына бастауыш сыныптан бастап адамгершілік тәрбиенің негізі мәдениеттілік, адамгершілік, сана-сезім, мінез құлық қалыптастыруда ерекше жұмысты қажет етеді. Сондықтан ұрпақты туған жерге еңбекке, сүйіспеншілік, үлкенді сыйлау, өзге ұлт өкілдерін құрметтеу, адамдармен шын пейілмен қарым-қатынас жасау, жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеу барысында жұмыстар жүргізілді.

Тілдер мерекесіне байланысты он күндіктер өткізіліп, тәрбие сағаттары сынып жетекшілерге зор жауапкершілік жүктеді. Тіл мамандары ұстаздар мен білім алушылардан "Ахмет Байтұрсынұлы - Ұлт жанашыры" тақырыбында жалпыоблыстық диктант алды.

Қазан айында ұстаздар мерекесіне байланысты "Мерекенмен, ұстазым!" атты мерекелік кешті барлық сынып білім алушылары өткізіп, ұстазға, үлкенге деген құрметі мен ізгілік қасиеттерін көрсете білді.

Адамдық рухани құндылықтарды білім жүйесі арқылы оқыта отырып, білім алушы бойына мейірімділікті, түсіністік пен шыдамдылық қасиеттерін қалыптастыруда және өмірге қажетті дағдыларды үйретуде «Қайырымдылық»

акциясы ұйымдастырылады. Қарттар күніне байланысты «Қарттарымызды құрметтейік!» атты акцияға қатысып, мектептің барлық білім алушылары қайырымдылық жұмыстарын жүргізді.

Адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын дамыту барысында мектепте поэзияға құштарлық жыл сайын артып, білім алушылардың өлең жаттау, өз шығармашылығын шыңдауы артып келеді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет арқылы адами құндылық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйрете отырып жұмыстар жүргізу- жеке тұлғаның әдепті болуын, қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерін, моральдік қасиеттерін, бағыт-бағдарын қалыптастырады. Осыған байланысты әр балаға саналы тәрбие бере отырып, білім нәрімен сусындату мақсатында ана тілімізді, елімізді сүйетін, оның бүгінгі мен болашағына алаңдайтын адал азамат болуға тәрбиелеуде «Оқырман отбасы» атты сайыс өз мәнінде жылда жүргізіліп отырады. Әрбір өткізілген шара білім алушының мінез-құлқының жетілуіне, ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезіммен қарауына ықпал ете алды.

3. Ұлттық тәрбие. Мақсаты- жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, білім алушылармен қыркүйек айында Тілдер мерекесіне байланысты он күндік мектеп директорының арнайы бұйрығымен жоспар жасалып, жүйелі түрде жүргізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығы, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Ұлттық дәстүрлер» тәрбие сағаты, «Ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдар» челленджі, "Армысың Әз Наурыз!" наурыз мейрамы өтті. Наурыз мейрамына ұлттық бұрыш дайындалып, апталық ұйымдастырылды. Апталықта «Көрісу күні», «Ұлттық ойындар» күні, «Ұлттық өнер –айтыс», «Ұлттық тағамдар» күні, «Салт-дәстүрлер» күндері бойынша сыныпаралық жарыс түрінде өтті. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білім алушылар ұлттық нақыштағы тәрбиеден мол мағлұмат алды деген ойдамыз.

4.Отбасылық тәрбие. Мақсаты- неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу, толыққанды отбасын құру, отбасы мен достарына деген адалдық, отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды құрметтеу, сезім құндылықтары- сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзіреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Қазіргі заманда жеке тұлғаға жан-жақты білім мен тәрбие берудің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, мектеппен ынтымақтастығына, отбасында бір-бірін түсінушілігіне, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты. Сондықтан әрбір оқушының ой-өрісі кең, өзін-өзі дамыта алатын шығармашылық дарынды тұлға болуы мектептегі тәрбие ғана емес, отбасындағы тәрбиеге, ата-ананың жауапкершілігіне сын. Осыған байланысты сынып жетекшілер ата-аналармен

үнемі байланыста болып, жоспарлы жұмыстар атқарылды. Жыл ішінде ата-аналармен педагогикалық психологиялық қолдау көрсету мақсатында жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар салауатты өмір салты, отбасы мен оқушының мәдени-сауықтыру уақытын қалай ұйымдастыратыны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша жұмыстар және жоғары сынып оқушыларының мақсаттарын айқындау мен кәсіпті таңдаудағы ата-аналардың рөлі, ақпараттық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері туралы түсінік жұмыстары арқылы баланың болашағына жол ашу мақсатын көздеді.

Салауатты өмір салтын насихаттауда «Толағай» спорттық ойындарына білім алушылар белсенділікпен қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша аудандық «Бір отбасы-бір кітап» сайысынан Ибраевтар отбасы I орын алып келді.

«Оқырман отбасы» сайысы да мектебімізде дәстүр бойынша өткізіліп жүр. Сонымен қатар Бұл жетістікке ата-аналардың үлесі зор. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы, мектеппен үнемі байланыста болуы сияқты маңызды, құнды мәліметтер айтылып, түсіндіру сабақтары болды.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты-кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениет дамыту, құндылық ретінде табиғатты сүю, кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.

Бұл бағытта қыркүйек айынан бастап мектепшілік кезекшілік ұйымдастырудан бастап сынып бұрыштарын безендіру, мектеп мұражайына саяхат, экологиялық сынып сағаттары, ұлттық қолөнер көрмелері ұйымдастырылды.

«Алтын күз» кешінде жемістер мен көкөністерден қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

«Еңбек түбі- береке» тақырыбында өткен тәрбие сағаттарында еңбек етудің қыр-сырлары, еңбек адамдарының қажырлы еңбегі мен табандылығын мысал ете отырып, еңбексүйгіштікке баулу жұмыстары жүргізілді. Мектеп білім алушыларына еңбекті сүю, экологиялық бағыт беруде сынып жетекшілер тәрбие сағаттар өткізіп, тоқсанына 1 рет түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп айналасын көгалдандыру, гүл, ағаш егу, оларды күтіп баптап-өсіру жұмыстары да назардан тыс қалған емес.

«Қоғамға қызмет» жобасы аясында жоба мүшелері ауылдағы қарт, мүгедек отбасыларына барып, қолғабыс жасап, еңбекке шыңдалды. Сонымен қатар жылына екі рет «Тазалық» акциясы ұйымдастырылды.

Сыныптан тыс шараларда білім алушылар қолөнер шығармашылығы бойынша әр түрлі қалдық заттардан түрлі өмірге қажетті заттар дайындайды. Күздің күні мектепте өткізілген жәрмеңкеде жаз бойы еңбектеніп өсірген бау-бақша көкөністерін жасалған тағамдар сата отырып, еңбек пен жауапкершілікке үйренеді. Бұл жұмыстар болашақта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, кәсіби ақпараттандыру, яғни саналы түрде таңдау жасай алуы мен болашақ мамандығының қызметі аясында көмегі болмақ.

6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Мақсаты- әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, ақпараттық мәдениетті, оның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Қыркүйек айынан бастап сыныптардың әлеуметтік паспорты бойынша деректер банкін құру жұмысы, білім алушылардың өзін-өзі басқару жұмысы, мектеп оқушыларының Президентін сайлау және әр түрлі тақырыпта өткен танымдық ойындар өткізу жұмыстары жүргізілді.

Бастауыш сынып білім алушылары арасында «Жыл оқушысы» жобасы ізгілікке, мәдениеттілік пен кішіпейілділікке тәрбиелеуде ерекше әсері болды. Білім алушылар арасында бір-біріне деген сыйластық, өзгенің қадір-қасиетін бағалай білу өнерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Әрбір оқушының зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту мақсатында қызықты әрі тартысты болды. Мұнда олардың бәсекеге қабілеттілік қасиеттері дамыды.

«Қауіпсіз интернет» бағытында мектеп психологы мен сынып жетекшілер бірлесе отырып, әлеуметтік желінің адам баласына әкелетін зиянды жақтарын түсіндіру жұмыстары ата-аналар мен білім алушыларды теріс іс-әрекеттерден сақтандыруда маңызы зор болды.

7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы, жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы эстетикалық талғам мен халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

Бұл бағыт бойынша үйірмелер мен секция жұмыстары ұйымдастырылып, жетекшілері тағайындалды. Мектепте жыл басынан бері спорттық үйірмелер мен қолөнер үйірмесі жұмыс жасайды. Оқушылардың каникул күндеріне жеке жоспар жасалып, жүйелі жұмыстар сынып жетекшілер мен үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен жүргізілді. Жаңа жылдық шырша да арнайы кестемен өте жоғары деңгейде өткізілді. Алғыс айту күніне байланысты жүргізілген жұмыстар мен челленджер де өз мәнінде жүргізіліп, әлеуметтік желіге салынды.

Мектепалды даярлық сыныбы «Қош мектепалды даярлық патшалығы!», 4 сынып білім алушыларының «Қош бол, бастауышым!» мерекелік концерттік бағдарламалары, әр түрлі кештер, сонымен қатар соңғы қоңырау салтанатты жиыны, 9-11 сыныптың бітіру кештері жоспарға сәйкес өткізіліп, балалардың бойындағы дарындылық, талғампаздық қасиеттерін байқадық.

«Жол қозғалысы Ережелері» тақырыптары ай сайын сынып сағаттарында өткізілді. Жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру, алдын алу жұмыстарының нәтижесінде келеңсіз оқиғалар орын алған жоқ.

Дебат клубы жыл ішінде айына бір рет жоспарына сәйкес белгілі бір тақырыппен өтіп отырды. Дебат баланы дарындылық пен мәдениеттілікке,

шешендікке, өзін-өзі ұстауына, көпшілік алдында еркін сөйлеуге дағдыландыру мақсатында жүйелі өткізілді.

«Әдеп» тақырыбында өткен тәрбие сағаттарының да маңызы ерекше. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, презентация, бейнероликтер арқылы өткізілген жұмыстың білім алушылар есінде мәңгі қалары анық. Сондықтан адам бойындағы ең басты қасиет-әдептілік болғандықтан мектеп қабырғасына келген әр бала мәдениеттілігімен ерекшеленетініп, алдағы уақытта да жүйелі жұмыстар жалғасын табады деген ойдамыз.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты- салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Осыған байланысты мектеп медбикесі, психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қыздар және ұлдар кеңісінің жетекшілері, ауылдық полиция қызметкерімен бірлесе отырып, «Адамгершілік-жыныстық тәрбие» тақырыбында әңгіме сағаттары және мектепішілік ұлдар мен қыздар жұмысына байланысты жекелей тақырыптық шаралар өткізілді.

Халықаралық ЖҚТБ індетіне қарсы күрес күніне орай «ЖИТС-тен сақтанайық!» тақырыбында сынып оқушылары арасында әңгіме сағаттары және медбикемен кездесу, білім алушыларға салауатты өмір салтын бойына дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, насихаттау барысында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Салауатты өмір –бұл:

- Дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану;
- Қоршаған орта, табиғатты қорғау;
- Тамақтану, еңбек, демалу гигиенасы, жаңа күннің негізгі талаптарын орындау;
- Жеке және ұжымдық талаптарды орындау;
- Зиянды әдеттердің алдын алу;
- Дұрыс жыныстық тәрбие;
- Өзара қарым-қатынастар, психо-гигиенасының негізгі талаптарын орындау.

Осы бағыттардағы шараларды өткізу жұмыстары сынып сағаттары мен сыныптан тыс өтетін шараларда жүргізілді.

«Ислам діні», «Болашақ жастардың қолында», «Салауатты өмір салтын ұстанамыз!» тақырыбындағы іс-шаралар ұрпақтың темекі шегуден, ішімдік ішуден, зиянды іс-әрекеттерден сақтандыру мақсатында өткізілді. Бұл жұмыстар мектеп білім алушыларының теріс қылықтардан аулақ болуына көп әсерін берді.

Жалпы қорытындылай келе, мектептегі жүргізілген бірқатар жұмыстарға тоқталсақ, оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін, қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жасау сынып жетекшілердің үлесінде. Соған байланысты жеке тұлғаның талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға жалпы мәдениетін қалыптастыруға, ата-аналармен үнемі байланыста болуда сынып жетекшілердің атқарар жұмыстары ерекше. Осындай жұмыстарды ұйымдастыруда сынып жетекшілер

әдістемелік бірлестігі қызметінің ережелерін басшылыққа алдық.

Тәрбие жұмысының жай-күйі зерделеніп талданды және өз қызметіне қатысты құжаттар, әдістемелік материалдар мен жаңалықтардың жүзеге асырылуы қаралды. Сынып жетекшілердің сынып жұмысына талдау жасау дағдыларының жеткіліксіздігі, сыныптағы проблемаларды айқындап, түзету жұмыстарын белгілеу дағдыларының аздығы бойынша жұмыстар белгілеу назарға алынды.

Оқушылардың сабаққа қатысы, үлгерімі, тәртібі, үнемі қадағаланып, ата-ана, мұғалім, сынып жетекшілер арасында сабақтастық орнаған. Күнделікті сабаққа кешігетін оқушы жоқ, ата-аналарымен хабарласып, олардың сабақты себепсіз босатпау керектігі үнемі ескертіліп отырады.

Діннің зиянды жақтары мен әр түрлі ағымдарынан сақтандыру, алданып қалмау, өз дініміз бен тілімізді сақтауға үйрету барысында жүргізілген жұмыстарға сынып жетекшілердің жауапкершілігі жоғары болды.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдар аралығында «Оқуға құштар мектеп», Дебат клубы, «Даналық мектебі» жұмыс жасады. Әр жобаның мақсат-міндеттері айқындалып, жоспары бекітілген. Білім алушылардың бойына адамгершілік қасиеттер мен ұлттық құндылықты, азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда жобалардың алар орны ерекше болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты- жас ұрпақ бойына ұлтжандылық пен азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ата-аналар мен оқушылар, мұғалімдердің оқу мәдениетін, оқу сауаттылығын, оқу белсенділігін арттыру. Бұл жоба бойынша мектепте бастауыш сынып оқушылары арасында ертегілер бойынша сахналық қойылымдар қойылып, кітап оқылып талдаулар жасалады. «Оқы және өзгеге сыйла» акциясы өткізіліп, барлық сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. Буккроссинг бұрышы ашылған. Бұрышта үнемі әр түрлі тақырыпта жұмыстар жүргізіледі. «Оқуға құштар» жобасы аясында отбасылық оқудың дәстүрін жаңғырту, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру жұмыстары күнделікті жүргізіліп отырады. Осы жоба аясында мектепшілік, аудандық конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

4.4. Білім алушылардың рухани –адамгершілік, азаматтық патриоттық, көркемдік –эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру.

Мектепте жоспарланған іс-шаралар жүйелі орындалып отырады. Кәсіптік бағдар беру бойынша ұйымдастыру жұмыстарында оқушыларға кәсіптік бағдар бере отырып, белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіледі, ата аналарымен үнемі байланыс жасалады және түрлі тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді. Аптаның әр дүйсенбі күні бірінші сабақ алдында екі ауысымда да мемлекеттік гимн айтылады. 2020 жылдан бастап мектеп жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желі парақшасы жұмыс

жасайды. Мектеп өмірінде болып жатқан жұмыстар осы парақшаға салынып отырды. Алайда ауылымызға интернет 2024 жылдың қаңтар айында ғана қамтамасыз етілді. Білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктері, оларды сақтау және қорғауға бағытталған жұмыстар да жүйелі жүргізілді.

Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты өнерге, спортқа, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын, ынта-жігерін арттыру, эстетикалық талғамын дамытуға тәрбиелеу мақсатында мектепте үйірме жұмыстары жүргізіледі. Үйірме жұмыстарын жүргізудегі жетекшілердің негізгі мақсаты білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен өзіндік іс-әрекетін жан-жақты дамыту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға шыңдау болғандықтан, оны ұйымдастыру мен жүргізуде үнемі жауапкершілік танытып отыру керек. Үйірме жұмыстарын жүргізуде мұғалімнің шығармашылық қабілеті айқын көрінеді. Сондықтан үйірме жұмысын жүргізу үшін ең бірінші білім алушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдырамыз. Ол үшін үйірме жетекшісі алынған тақырыбының үйретушілік және тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты үйірме сабақтарында білім алушылардың ойлау қабілеттерін арттыруда ізденіс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал оны дамыту үшін тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жұмыстар жүргізу үйірме жетекшілері басты назарда ұстау қажет. Осындай ұстаным мен талаптарды ұстана отырып, жетекшілер жыл басынан бері арнайы құрылған жоспарлары бойынша жұмыс жүргізуде. Мектеп білім алушыларының үйірмелерге қызығушылықтары жоғары. Қолөнер жұмыстары бойынша жасаған бұйымдары жинақталған.

Спорт үйірмесі бойынша мектеп білім алушыларының қатысу деңгейі өте жоғары. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың спортқа деген қызығушылығын ояту барысында волейбол, жеңіл атлетика және шаңғы, күрес үйірмелері бойынша арнайы кестелері, жоспарлары жасалған.

Қорыта айтқанда, барлық үйірме жетекшілері жеке тұлғаны жан-жақты дамытуда үйірме жұмыстарын жоспарлы жүргізе отырып, өздігінен бақылау жүргізуге, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен іздене алатын және шымыр, дені сау, салауатты азамат дайындауда жауапкершілікпен жұмыс жасауда. Бұл жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білімалушылар өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады, болашақта өмірден өз орнын табуға талпынады.

2023-2024 оқу жылы бойынша үйірмеге қамтылған оқушылар

№	Үйірме атауы/сынып	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	Барлығы	Жетекшісі
1	Волейбол (ақысыз)								6	6	4	5	21	Б.Сембаев
2	Жеңіл атлетика/шаңғы (ақысыз)	6			2					1			9	С.Алтыбаев
3	Қолөнер (ақысыз)					3	3	2					8	А.Рахымбаева

4	Би (ақылы)	8	8	7	4	4	3	5	1				40	А.Аубикирова
5	Робототехника (ақысыз)		7	5									12	Е.Торебаев
Спорт ғимараты ЖСМ (ДЮСШ)														
6	Күрес(ақысыз)				4	3	2	5	3	3	2	3	25	Ж.Ахшонтаев
	Барлық оқушы	14	15	12	10								115	

2022-2023			2023-2024			2024-2025		
Барлық оқушы	Үйірме саны	Қамтылуы	Барлық оқушы	Үйірме саны	Қамтылуы	Барлық оқушы	Үйірме саны	Қамтылуы
124	4	124	115	6	115	111	5	111

2023-2024 оқу жылында тәрбие процесінде басшылыққа алынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді,

мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Осындай мақсат-міндеттерді басшылыққа ала отырып, тәрбие жұмысы Ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, Ар ұят, Талап бағыттары бойынша жүргізілді. Кешенді жоспарды іске асыруда тәрбие жұмысын ұйымдастыру жұмыстары салауатты өмір салтына ынталандыру, сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру, білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін және ұжымда жұмыс істей білуге баулу, ата-аналар жиналысын өткізу, оқу жетістіктері мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналамен жұмыс жүргізілді.

Оқу жылының басында ата-ана, мұғалімдер, оқушылар арасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» талқыланып, жоспарланды.

Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында 2023-2024 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды және бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Қыркүйектің басында мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып 3 оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты. Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді. Нәтижесінде мектебіміздің 11-сынып оқушысы Теңдік Алдияр басым дауысқа ие болып, мектеп Президенттілігіне сайланды.

"Тоғыз ай 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Сергіту сәті" республикалық челленджі 1-11 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. Мектеп спорт залында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау челленджі өтті. Барлық бейнероликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) бойынша өткізілді.

Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (ата –аналар, қыздар және ұлдар жиналысы) өткізілді, алдын алу түсіндірме жұмыстары ар-әдеп нормаларын ұстану, құқықбұзушылықтың алдын алу, халқына адал қызмет ету жолдары барысында «Зорлық -зомбылықсыз өмір», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Имандылық-парызың» тақырыптарында жұмыстар жасаөспірімдердің рухани дамуына және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында болды.

Мектеп медбикесімен және ауыл инспекторымен профилактикалық әңгімелесулер, "ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу жолдары» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға АИТВ/ЖИТС туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез - құлық дағдысына үйретіп, АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсету туралы айтып өтті. Жастарды АИТВ-ның алдын алу шаралары туралы білуге, өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды. Бейнеролик ұсынып, соңында оқушыларды жақсы оқып, үйдегі ата – аналарының балаларынан үлкен үміт артып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар қазіргі таңдағы ең көп орын алып жүрген қылмыстың бірі буллинг пен кибербуллинг туралы оқушыларға түсіндіріп өтті. Жасөспірімдер арасында өз - өзіне қол жұмсау осы кибербуллингтің ықпалынан орын алуда. Тергеу барысында барлық қылмысқа қатысы адамдар анықталып, қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылатынын түсіндірді. Балаларды жақсы оқуға, спорттық үйірмелеріне қатысуға, кітап оқып сауатты да, ақылды азамат болып өсуге шақырды.

Сонымен қатар мектеп медбикелері жеке гигиеналық тазалық, педикулездің алдын алу туралы әңгіме қозғап, қоғамдық жерлерде тазалық сақтау туралы айтты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектеп формасы мен мектептің ішкі тәртібін атап өтіп, сақталуын қатаң талап етіп, ескертулер жасады. Жиналыс соңында оқушылар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Жиналыс барысында полиция қызметкерлері тиісті бөлімшелері бойынша қалада орын алған құқық бұзушылық фактілерін айтып, қандай жаза қолданылғаны және оның алдын алу жолдарын кеңінен түсіндіріп өтті.

«Абайланыз, қауіпсіздік балалар!» республикалық айлық акция аясында ережелерін насихаттау барысында мектебіміздің 1-8 сыныптарында сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға жолда жүру ережесі мен ескерту нұсқаунамалары берілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы №1147 қаулысымен бекітілген жоспарына сәйкес мектебімізде бірінғай "Адалдық сағаты" ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты- оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік бере отырып, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды тағы басқа адамдық асыл

қасиеттерді игеруге ықпал ету.

Ұстаздар күніне апталық ұйымдастырылды. Іс шараларды өткізу мақсаты- мұғалімдер күні мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 11 сыныпта ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылып, өткізілді. Сонымен қатар "Дублер күні" өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтілді. Іс - шаралар өз деңгейінде ұйымдастырылып, мақсатына жетті.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қазан айындағы жоспар бойынша бірыңғай Әнұран орындау челленджі өткізілді.

Мақсаты- оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

Сонымен қатар мектепте Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 27.07.2007 жыл Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2017 жылы 27 маусымындағы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылықтың кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы №355 бұйрығын басшылыққа алып қамқоршылық кеңесі жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы мектеп директорының арнайы бұйрығы шығарылып, жұмыс жоспары бекітілді. Қамқоршылық кеңес жұмысы жылына 4 рет өткізіліп, олардың жұмыс мақсат-міндеттері таныстырылып, мектепте жүргізілетін жұмыстарға қатысу құқықтары айтылды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша бұйрық шығып, жұмыс жоспары құрылып, жұмыс жасады. Мақсаты- балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата аналарымен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру. Орталық жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету бойынша мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі туралы шешім қабылданды. Әр сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтардың мазмұны бойынша айына 1 рет сабақтар өткізіледі. Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттырудағы әлеуметтік серіктестікті дамытады, білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс-қимыл жасайды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді, педагог пен ата-аналарға тренингтер өткізуге әдістемелік көмек беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Даналық мектебі» жұмыс жасайды. «Аталар», «Әжелер», «Ағалар», «Жеңгелер» мектебі бойынша жоспарлы жұмыстар жалғасын тапты.

Білім алушыларға зиянды әдеттер және оның денсаулыққа зияны, қоғамдағы азаматтық жауапкершілігі, салауатты өмір салтын ұстануы, еңбекқорлық және оның табысқа әсері жайлы тақырыптарда сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар, кездесулер, флешмоб сияқты тәрбиелік мағынаға толы шаралардың маңызы өте зор болды.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстары да үнемі сынып жетекшілер

мен медбикенің назарында болады. Оқу жылдарына арналған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді және мектеп әкімшілігі, полиция қызметкері, медбикенің қатысуымен кездесу, жиналыстар өтті.

Мектепте оқу жылының басында кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында қыз балалардың жеке бас гигиенасы, жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, медбике, психологтың қатысуымен жиналыс өткізіліп, баяндама оқылды, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 7-11 сынып қыз балаларымен өткен қыздар жиналысының мақсаты-қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына тәрбиелеу. Жиналыста медбике қыз балалармен ашық сөйлесіп, пайдалы кеңестермен бөлісті.

Ал зорлық-зомбылық, жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруда ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты-балалар мен балалардың арасындағы және үлкендердің отбасында болатын зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол бермеу. Ата-аналарға кеңестер берілді.

Қыз балалармен жұмыс жоспарына сәйкес жасөспірім қыздар арасында ерте жыныстық қатынасқа түсудің алдын алу, оның өміріне әкеліп соғатын зияны мен зардаптары және қыз балалар мен ер балалардың тәрбиесіне көңіл бөлуге байланысты ақыл-кеңес беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологі тарапынан тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді.

Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Сондықтан қыздардың бойында әдептілік, сыпайылық, инабаттылық қасиеттермен бірге ер балалармен дұрыс қарым-қатынас орнату және ұлттық құндылықтарды бойына қалыптастыру мақсатында мектеп миірбикесімен, психологпен бірге жиналыстар өткізіліп отырды.

«Қыз ғұмырдың құпиялары» тақырыбында өткен «Жеңгелер мектебі» жиналысында ұлтымыздың адаспай ұлт болып қалуы, қоғамның алға жылжуы, өркендеп өсуі қыз баланың тәрбиесіне байланысты болмақ. Сондықтан қыздардың адамгершілігі мол, әдепті, ибалы болып тәрбиеленуі отбасындағы тәрбиеге байланысты болатыны айтылды.

Ата-аналар арасында өткен жиналыстарда да қыз балалардың тәртібі, түнгілік мезгілде жүрмеуі, ер балалармен достық қарым-қатынаста болғанда абай болу керектігі және зорлық, зорлау мәселелері туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмысы бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп оқушыларының, ата-аналарының чаттарында балалардың құқығын қорғау бойынша жадынамалар мен материалдар жарияланады. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылған. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік

педагогикалық кеңес беріліп отырады. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған оқушылар кездескен жоқ.

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0

"Мектепке жол" республикалық дәстүрлі қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған «Балалар жылын» іске асыру шеңберінде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында ұйымдастырылды. Акция мақсатына сәйкес іс-шаралар жоспары құрылып, хабарландырулар жарияланды. Қамқорлық акциясына жергілікті ауыл әкімшілігінің қолдауымен шаруа қожалық жетекшілері, мектеп мұғалімдері, жеке тұлғалар демеушілік танытып, ат салысты.

2022 жылдан бастап аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымы тарапынан мектептің кәсіподақ мүшелерінің мектеп бітіретін білімалушыларына және 1-сыныпқа қабылданған білім алушылардың ата-аналарына 10.000 теңгеден қаржылай көмек берілді.

Кәсіподақ мүшесі	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1 сыныпқа қабылданған білім алушылардың ата-аналарына	7	10	2
11 сынып бітіретін білім алушыларға	4	6	

«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамақ ішетін білімалушылардың 3 жылдық көрсеткіші

Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	1-4 сынып
2022-2023	124	53
2023-2024	115	51
2024-2025	111	48

Тамақтану бойынша менюді және тамақтанған білім алушыларды сынып жетекшілер және ДТЖО «Bilimal» модульдік бөлімдерін толтырып және бақылау жасалып отырады.

4.5 ПЕДАГОГИКА-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2021-2024 оқу жылдары аралығында педагогика-психологиялық қызметтің жүргізілуі туралы қорытынды анықтама.

Психологиялық қызмет білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, кеңес беруге, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге және инклюзивті білім беру ортасы жағдайында қолдауға бағытталған. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық әл-ауқатын сақтауды және нығайтуды көздейтін психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында мектепте 1 педагог-психолог жұмыс жасайды.

Бимурзина Акнур Жумахановна – педагог-психолог, педагог-эксперт, еңбек

өтілі осы қызметте 16 жыл. Психологқа арналған жеке кабинеті бар.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізімінде №20317 болып тіркелген) өзгерістерге сәйкес жұмыс жоспар жасалынып, педагог-психологтың консультацияларын есепке алу журналы жүргізіледі.

Психологиялық жұмыстың мақсаты: Мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету.

Міндеттері:

- ✓ Педагогтерге әлеуметтік-психологиялық диагностика негізінде білім алушылармен жеке жұмыс жасаудың тәсілін ұйымдастыру процесінде көмек көрсету;
- ✓ Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, олардың өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, психологиялық тұрғыдан көмек көрсету және ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыру;
- ✓ Ата-аналардың психологиялық білімдерін ағарту және кеңейту. Жеке тұлғаны қалыптастыру кезіндегі жанұяның атқаратын рөлін анықтау, психологиялық қолдау білдіру.
- ✓ Білім алушылармен АСПМ жүйесі арқылы диагностикалар жүргізу;
- ✓ Дамудың әр түрлі кезеңдеріндегі оқушылардың бейімделу процесін қамтамасыз ету;
- ✓ Мұғалімдер мен ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін арттыру.

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Диагностика. Оқыту мен тәрбиелеудегі себептерді, проблемаларды анықтау мақсатында тұлғаның қасиеттерін психологиялық-педагогикалық зерттеу.

Кеңес жүргізу. Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға көмек көрсету

Психологиялық ағарту. Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру.

Коррекциялық дамыту. Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісінде қиындықтар, проблемалар, белсенді әсер етушілермен жұмыс.

Әдістемелік ұйымдастыру. Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау Білім алушылардың әлеуметтік психологиялық жат қылықтарының алдын-алу шаралары

Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт өзінің зияткерлік әлеуетін ұтымды пайдалану мақсатында шешілетін психологиялық проблемалардың әртүрлі аспектілері бойынша өз жұмысын жоспарлауды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25

тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.

Педагог-психолог қызметінің мазмұны, оның дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, педагог-психологтың кәсіби құзыреттіліктері туралы жалпы түсінікті қамтамасыз ету, білім беру үдерісіне қатысушыларды және қоғамның мүдделі тараптарын ақпараттандыру мәселелері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген Қазақстан Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығында қамтылған.

Оқытушылық қызмет психолог жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады: оқушыларға тренингтер өткізу, әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестердің жұмысына қатысу, конференциялар мен әдебиеттер көрмелерін ұйымдастыру жұмыстарына қатысу.

Психологиялық білім беру - мұғалімдерді психологияның әртүрлі салаларымен - педагогикалық, әлеуметтік, жас ерекшеліктерімен, ал білімалушыларды өзін-өзі тәрбиелеу негіздерімен таныстыру.

Психологтың практикалық қызметі әртүрлі жұмыс түрлерін қамтиды: психологиялық профилактика, психодиагностика, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру және психотерапия. Барлық осы жұмыс түрлері өзара байланысты және психологтың практикалық қызметінде ажырамас бірлікте болады.

Бірінші сынып білімалушылары үшін мектепке бейімделу кезеңі өте қиын. Осы кезеңде психологиялық көмек баланың педагогикалық ортада (мектеп қатынастары жүйесінде) сәтті жұмыс істеуіне және дамуына мүмкіндік беретін педагогикалық және әлеуметтік - психологиялық жағдайлар жасауға бағытталған. Мектепке дайындығы барысында Керн әдістемесі жүргізіледі. Психологиялық анықтау барысында, білімалушылардың барлығы бірінші сыныбына оқуға лайықты деп табылды. Сонымен бірге 1 сынып ата-аналарына балалардың бейімделу деңгейіне байланысты кеңестер беріліп, жаднамалар таратылады.

Психологиялық диагностиканың нәтижелері келесі кестелерде көрсетілген.

Бірінші сынып оқушыларының бейімделуі	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Жақсы	90%	80%	100%

Бейімделу кезеңінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, сонымен бірге, 5-сыныптармен диагностикалық зерттеудің мақсаты орта мектепке бейімделу кезеңіндегі қиындықтарды жеңу үшін білімалушылардың әлеуметтік-психологиялық жағдайы туралы қажетті ақпарат алу болып табылады.

Оқу мотивациясының деңгейін бағалау 5 сынып бойынша көрсеткіш

Балалар саны %	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Мотивацияның жоғары деңгейі	76%	75%	10%
Мотивацияның орташа деңгейі	16%	25%	80%
Мотивацияның төмен деңгейі	8%	0%	10%

Бесінші сынып ,білімалушыларының бейімдеуде сынып жетекшілеріне «Бейімділіктер кезіндегі қолдау», пән мұғалімдері үшін "Қалай көмектеуге болады?» тақырыбында семинарлар, психологиялық тренингтер өткізілді. Оқуда қиындықтарға тап болған білімалушыларға педагог-психологтың көмегі көрсетілді, педагогтарға – білімалушылармен сараланған тәсілді қолдану ұсынылды.

Білімалушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың, суицидтің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша педагог-психологтардың жұмысында балалардың өмір сүру жағдайларын сауықтыруға, кәмелетке толмағандардың жеке психологиялық – педагогикалық түзетулеріне бағытталған әлеуметтік – профилактикалық шаралардың тұтас кешені бар, олар мыналарды қамтиды: құқық қорғау органдарын шақырумен әңгімелесу, дөңгелек үстелде әңгімелесу, тренинг элементтерімен сабақтар өткізу, топтарда түзету — дамыту сабақтарын өткізу, білімалушыларды мектеп жұмысына тарту.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің ақпараттық стенді рәсімделді. Барлық ақпарат пен сенім телефондары стендте бар және кез-келген уақытта жекеленген мәселелер бойынша көмектер көрсетіліп отырылды.

Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы бойынша бұйрық шығарылды. Іс-шараларды жүзеге асыру барысында, тәрбие жұмысымен бірлесе отыра, психолог сағаттары енгізіліп, жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге қызметкерлерді оқыту жүзеге асырылды.

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Вахтер ретінде оқудан өткен педагогтардың саны	31	31	34

Білімалушыларды психикалық денсаулық туралы хабардар етуге, олардың проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға және қажеттілік туындаған кезде психологиялық қолдау көрсету және бағдарлама аясында, эмоционалды интеллекті дамыту, эмпатияны қалыптастыру үшін тренингтер өткізілді.

Қамтылған білімалушылар саны кестеде көрсетілген.

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Балалар саны	24	26	32

Тренинг пен дәріс элементтері бар сабақтар пікірталас форматында өтті

және мысалдарға, сұрақтарға және тақырыптарға негізделген. Білімалушыларды талқылауға қатыстыра отыра, бұл жағдайлардың адамдарға қалай әсер ететінін және мәселелерді әртүрлі жолдармен шешуге болатындығын атап өтілді. Соңында олардың назарын психологиялық қолдау қызметтерінің, ұйымдардың және мамандардың байланыс деректері мен телефон нөмірлері бар брошюраның соңғы беттеріне назар аудартып, осылайша олар қайдан және қалай көмек таба алатынын білді.

ҰБТ тапсыру кезінде түлектерге психологиялық қолдау көрсету психоэмоционалды дайындықтың маңызды факторы болып табылады. Психологиялық қызмет сабақтарының мақсаты: ҰБТ-ға дайындық кезеңінде педагогикалық процеске қатысушылардың мінез-құлқының стратегиясы мен тактикасын пысықтау, яғни балаларды стресстік жағдайларда өзін ұстауға үйрету, олардан шығудың ықтимал сценарийлерін көрсету. Сонымен бірге, ата-аналар мен мұғалімдерге консультациялық көмек көрсету жағы қамтылған.

Оқушылардың кәсіби бағыты бойынша диагностикалық нәтижелер кестесі

Кәсіптің оқу жылы түрі	"Адам-мамандық" адамы түрі	"Адам-техника" мамандық түрі	"Адам-табиғат" мамандық түрі	"Адам-белгі" мамандықтар "жүйесі" түрі	"Адам-көркем сурет"
2021-2022	20%	37%	12%	19%	12%
2022-2023	20%	22%	22 %	20%	16%
2023-2024	17%	32%	20%	14%	17%

Психологтың түлектермен жұмысы кәсіби бағытты анықтау және білімалушылардың қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау мақсатында кешенді диагностикалық зерттеуден басталады. (ASPPM бағдарламасында). Диагностика қорытындысы бойынша білімалушылармен жеке жұмыс жүргізілді, "Емтиханға психологиялық дайындық" бағдарламасы бойынша топтық тренингтер жоспарланып, өткізілді.

№	Оқушылардың сұрақтары жауаптары	иә	жоқ
1	Сіз болашақ мамандығыңызды таңдауды шештіңіз бе?	78%	22%
2	Сіз қай университетке құжат тапсырғыңыз келетінін шештіңіз бе?	84%	шешілмеген 16 %:
3	Сіз грантқа түсуге тырысасыз ба (тегін оқу)	100%	
4	Дайындық кезінде мектеп әкімшілігі Сізге қандай көмек көрсете алады?	Қосымша сабақтар өткізіледі, дайындық жұмыстары жақсы	
5	Мұғалімдер Сізге ҰБТ-ны сәтті	Жауаптарды түсіндіру,	

	тапсыру үшін қандай көмек көрсете алады?	түсініктемелер беру, кеңес беру, емтиханға дайындық, материалды түсіндіру, моральдық қолдау, пәндерге дайындық, емтиханға жақсы дайындалу, қосымша ақпарат беру, ҰБТ-ға көмектесу, сұрақтарды талдау .
6	Сіздің ұсыныстарыңыз	Білімді одан әрі жетілдіру.

Диагностика қорытындысы бойынша білімалушылармен жеке жұмыс жүргізіледі, "жедел жәрдем" топтық тренингтері жоспарланып, өткізілді. *11 сынып білімалушыларының «Емтиханға дайындық кезеңінде» сауалнама қорытындысы*

№	Сұрақтар	Білімалушылардың жауаптары	
		Иә	Жоқ
1	Сіз емтиханға дайындалып жатырсыз ба?	82%	18%
2	Сіз мектепте алатын білімге ризасыз ба?	75%	25%
3	Сіздің мұғалімдеріңіз сізді емтиханға жақсы дайындай ма?	73%	27%
4	Сіздің мұғалімдеріңіз сізге емтихан тапсыру үшін аз білім береді деген ойларыңыз бар ма?	16%	84%
5	Сіз өзіңізді бітіру емтихандарын тапсыруға жеткілікті дайын деп санайсыз ба?	66%	34%
6	Сізге емтиханға дайындық қиын ба?	25%	75%

Ата-аналардың өтініштерінің негізгі тақырыптары оқу іс-әрекетінің ерекшеліктерімен, сыныптастарымен, мұғалімдермен қарым-қатынас сипатымен, балаларының жеке ерекшеліктерімен және отбасылық қатынастардың ерекшеліктерімен байланысты болды. Жалпы, өткен кезеңде жүргізілген консультативтік жұмыс өте тиімді болды және консультативтік қызметтің барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік берді деп санауға болады. Кез-келген сұрақтарына жауап ала отыра, тиімді қарым-қатынас орнады. Ата-ана жиналыстарында кеңінен жұмыстар жүргізіліп отырылды.

Динамика ата-аналармен жұмыс түрлерінің саны

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Ата аналардың жеке консультацияларының саны	4	11	8
Ата аналардың топтық консультацияларының саны	12	36	14

Педагогикалық ұжыммен жұмыс істеу-оқушы мен психолог арасындағы байланыс. Психолог білімалушылармен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға

көмектеседі, қиын жасөспірімдермен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар береді. Біздің мектепте мектеп психологының педагогтармен ынтымақтастығының келесі бағыттары шешілді:

- Психологтың педагогикалық кеңестерге және әдістемелік бірлестіктерге өзекті тақырыптарда сөйлеген сөздерімен қатысуы.
- Педагогтердің психологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған семинарлар өткізу.
- Білімалушылардың даму динамикасын және қолданылатын оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің тиімділігін, сондай-ақ білім беру процесі барысында туындайтын проблемаларды талқылау мақсатында психологиялық-педагогикалық консилиумдар өткізу.
- Мұғалімдерге олардың жеке және жеке даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, оқушылармен жұмыс жасаудың формалары мен әдістерін іздеу мәселелері бойынша жеке кеңес беру.

Педагог психологтар жүргізді:

- сабақтастық мәселелері бойынша 4 және 5 сынып жетекшілерімен консультациялар;
- сынып жетекшілеріне арналған кеңестер "Оныншы сынып білімалушыларының жас ерекшеліктері. Жаңа сынып ұжымын қалыптастыру";
- "Бесінші сынып білімалушыларын бейімдеуде сынып жетекшісінің көмегі" тақырыбында кеңестер;
- жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу жобасының бағдарламасын іске асыру бойынша вахтерлерге оқыту жүргізілді.
- "ҰБТ - ға дайындық кезінде білімалушыларды психологиялық қолдау" тақырыбында дөңгелек үстелдер;

Өткен кезеңде жүргізілген барлық жұмыстарды талдай отырып, барлық қызмет перспективалық жұмыс жоспарына сәйкес және барлық бағыттар бойынша жүргізілді деп айтуға болады. Жүргізілген жұмыс өзінің кәсіби мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ келесі оқу жылына одан әрі қызметті іске асырудың және кәсіби өсудің негізгі жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

5-БӨЛІМ.ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

5.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және растайтын құжаттар тізбесіне сәйкесті мектеп Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының білім бөлімі «Татан ауылының №23 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Темірші ауылдық округі Татан ауылы Мектеп көшесі, 1А ғим.

Ғимарат түрі - стандартты, іргетас – қиыршық бетон, қабырғалар - кірпіш, төбе – темірбетон тақтасы, шатыр - гофрленген қаңылтыр, еден - ағаш, терезе ойықтары - екі қабатты терезелер, есіктер - ағаш. Типтік емес жоба. Құрылыс жылы: 1977 жыл. Жобалық қуаты – 192орын.

Жалпы ауданы – 1905 ш.м, пайдалы алаңы –
1445 ш.м. Құқықтық және құрылтай құжаттары

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қарағанды облысы Әділет департаментінің Қарқаралы ауданының Әділет басқармасы 2021 жылғы 20 қаңтарда берілді

<https://cloud.mail.ru/public/ADqg/scTFvBKdk>

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама бар. Білім беру ұйымының меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуын растайтын құжат, атап айтқанда жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама бар, яғни мектептің меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтері бар.

Жылжымайтын мүлік түрі	Кадастрлық нөмірі	Нысаналы мақсаты (жоспар б-ша лите р)	Мекен-жай, тіркеу коды (бар болған жағдайда)	Құрауыштар саны	Қабаттар саны	Жалпы ауданы, көлемі, ұзындығы	Ауданы			Бөлінуі (ЖУ)	Ескерту
							Тұрғын	Негізгі	Пайдаланы		
КММ	09; 113; 039; 000;002; 1	Мектеп	Қарағанды обл Қарқаралы ауд Темірші селолық	1	2	1905 м ²	1445		1445		

			округі Татан ауылы, Мектеп көшесі, 1А ғим.							
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

<https://cloud.mail.ru/public/tdyk/DNep6jJFx>

Мектеп жарғысы : <https://cloud.mail.ru/public/vm2H/tSbMicPw9>

Мектеп жарғысы «Қарағанды облысының экономика басқармасы»
ММ басшысының 2021 жылғы 08.01.№33 бұйрығымен бекітілген.

Мектептің техникалық төлқұжаты

<https://cloud.mail.ru/public/BQkx/FFGBaZZp>

<https://cloud.mail.ru/public/6Rrv/hnBsyxuW>

9-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/XrbB/j9cc1ziaC>

Рұқсат етілген құжаттар

Лицензия: <https://cloud.mail.ru/public/hA2S/xhkRJeg7g>

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы қаласының білім бөлімінің «Татан ауылының №23 жалпы білім беретін мектебі» КММ ұйымдық- құқықтық нысанындағы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын, жалпы ережелерді жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

2017 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде жұмыс түрлері бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді: шатырды жөндеу, жылу системасын жөндеу жүргізілді, I, қабатқа әжетханалар мен қол жуу раковиналары орнатылды. Қазіргі уақытта 2024 жылы жеке БМК жылу қазандығы салынды.

Бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі мектеппен бекітіліп және Қарқаралы ауданы білім бөлімімен келісілген түгендеу тізімдемесі.

Инвентарлық тізімдеме.

<https://cloud.mail.ru/public/fPwW/PfdmEvU1u>

«Татан ауылының №23 жалпы білім беретін мектебі КММ» жалпы ауданы 1, 6805 га дербес жер телімінде орналасқан. Мектеп алаңында қоршалған баскетбол алаңы, волейбол алаңы, спорт алаңдары бар. Аумақты абаттандыру көгалдандыру, ағаштар, бұталар, гүлзарлар отырғызу арқылы жүзеге асырылады. Мектеп кірпіштен жасалған ғимараты екі қабаттан тұрады: оқу корпусы, спорт залы, жалпы ауданы 1905 шаршы метр, пайдалы алаңы 1445

ш.м. Барлығы 15 оқу кабинеті бар. 2 дәретқана, 2 қол жуатын бөлмесі бар

Бастауыш мектеп жеке ғимаратта орналасқан. Бастауыш мектепте 4 оқу кабинеті, 1 акт залы, шағын орталықта 5 кабинет бар. Сынып кабинеттері (4 дана) ауданы – 31,2 ш.м. және 28,2 ш.м аралығында; мектепке дейінгі дайындық кабинеті - (1 дана) – 28,3 ш.м; шағын орталықта 5 кабинет 27,7 ш.м 33,4 ш.м аралығында, акт залы 62ш.м.

Жалпы білім беретін мектепте көркем еңбек кабинеті - (1 дана) 17 ш.м, шеберхана кабинеті (1 дана) – 150 ш.м; спорт зал (1 дана) – 162 ш.м; тарих кабинеттері (1 дана) –36,2 ш.м; музыка бөлмесі – (1 дана) 55,6 ш.м; математика кабинеті (1 дана) – 36 ш.м; информатика кабинеті (1 дана) – 33,6 ш.м; физика кабинеті – 54,1 ш.м;+ зертханасы (1 дана) – 13,4 ш.м; қазақ тілі (1 дана) – 35,9 ш.м; психологиялық қызмет кабинеті- (1 дана) 32,2 ш.м, биология кабинеті -34,5 ш.м; география кабинеті (1 дана) –36,5 ш.м; алғашқы әскери дайындық кабинеті (1 дана) – 32,2 ш.м + сақтау бөлмесі –7,08 ш.м химия кабинеті -36,5 ш.м+зертханасы (1 дана) – 16 ш.м, орыс тілі мен әдебиеті (1 дана) – 34,7 ш.м; шетел тілі (1 дана) - 34,7 ш.м; кітапхана/оқу залы (1 дана) – 28 ш.м, екпе кабинеті – 12,8 ш.м, асхана – 30ш.м.

ҚР Оқу – ағарту министрлігінің 2022 ж.31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталған.

Физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтау көрсеткіші- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен сәйкестілігі– физика кабинеті 96% ды, биология кабинеті - 95%-ды, химия кабинеті -95% -ды құрады.

Мектеп қолданыстағы санитарлық нормалар мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді. № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтары бар. (аталған талап 31.01.2023 жылдан бастап күшіне енгізілген); Сумен жабдықтау- орталықтандырылған, ыстық сумен қамтамасыз етілген, канализация - 2, мектептің жылуы сыртта орналасқан от жағу қазандығына қосылған.

Мектеп ғимараты ыстық және суық сумен қамтамасыз етілген. Ұй-жайларды жабдықтау деңгейі білім беру ұйымдарына қажетті нормалар мен стандарттарға сәйкес келеді.

2022-2024 жылдар аралығында мектептің материалдық-техникалық базасы тұрақты негізде нығайтылуда. Осы уақыт ішінде мыналар: биология-1, СТЕМ-1, химия-1 кабинеттері жабдықталды.

Негізгі функцияларын орындау және қауіпсіздік режимін сақтау үшін шеберханаларда қауіпсіздік ережелері сақталған.

Бірінші қабатта технологиялық және көркем еңбек кабинеттері орналасқан.

Дене шынықтыру спорт залы бірінші қабатта орналасқан 2 киіну бөлмесі,

1 жаттығу залы бар арнайы бөлінген спорт залында өткізіледі. Дене шынықтыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін белгілі бір мөлшерде спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар бар. Мектеп алаңында 1 спорт алаңы бар: баскетбол алаңы, волейбол алаңы, спорт кешендері бар ойын алаңы.

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен және Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 91 бұйрығына сәйкес іс-әрекеттер алгоритмі әзірленіп, бекітілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін №32 және №49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы талапқа сай. 8 бейнебақылау камерасы (4 сыртқы камера және 4 ішкі бақылау камерасы) бар бейнебақылау жүйесі бар.

Бейнебақылау келісім шарты <https://cloud.mail.ru/public/U2gr/6cRZYhvMS> Қауіпсіз жағдайларды жасау үшін кіруді басқару және басқару жүйесі бар жабдықтар кешені, дауыстық хабарлауы бар өрт дабылы жүйесі бар. Дауыстық ескерту жүйесі, дүрбелең түймесі орнатылған.

Ғимаратқа кіретін жолдар өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарына сай келеді. Жұмыс істейтін өрт дабылы жүйесі және автоматты өрт және апаттық хабарлау жүйесі, дауыстық хабарлау және төтенше жағдайда дабыл түймесі бар.

Төтенше жағдайлар тәртібі және орындалуы.Тексеру нәтижелері туралы акт Дабыл түймесі туралы келісім шарт

<https://cloud.mail.ru/public/3DDi/GoMZsGRBC>

Төтенше жағдайлар нәтижесі туралы акт

<https://cloud.mail.ru/public/JoDs/7GHNDiHZK>

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды

<https://cloud.mail.ru/public/Caee/rFPaU6mkZ>

Ғимарат жабдықталған медициналық пунктпен қамтамасыз етілген.ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 07.04.2017 жылғы № 141 бұйрығына сәйкес медициналық қызметке лицензия бар және балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған.

Бірінші қабаттағы лицензиясы бар медициналық пункт (2021 жылғы 2 ақпандағы № 21016201 лицензия) алаңы 12,8 ш.м, бір бөлмеден тұрады: қабылдау бөлмесі мен емдеу бөлмесі. Медициналық қызмет көрсету және емдеу кабинеттері қажетті құрал-жабдықтармен (тоназытқыш, кушетка, медициналық үстел, орындық, шкаф, ширма, бой өлшегіш, салмақ өлшегіш, кварц ,бикс) жабдықталған. Медициналық пункт санитарлық-гигиеналық нормаларға сай жиһаздармен, дәрі-дәрмекпен және құрал-жабдықтармен

жабдықталған, балаларға медициналық қызмет жүзеге асырады.

10 қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/H5Ns/SNP3VqJTi>

<https://cloud.mail.ru/public/6587/i13AyRyVe>

<https://cloud.mail.ru/public/SqJf/QVhxQKZBm>

Мемлекеттік қызмет көрсету келісім шарты және медициналық қызметке лицензия

<https://cloud.mail.ru/public/Cixq/LqfpLhkcl>

<https://cloud.mail.ru/public/X1k6/7rV45GYpe>

<https://cloud.mail.ru/public/5XXr/4QGkTaCMc>

Медициналық қызметкердің сертификаты

<https://cloud.mail.ru/public/8HKZ/mcJzyhUEe>

Edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметі, келісім шарты

<https://tatan-shcool23.edu.kz/>

Домен. Қызмет көрсету келісім шарты

<https://cloud.mail.ru/public/YUvn/GLSXwVR4S>

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәлімет:

Бастауыш сыныптағы Білім алушылар саны	1- ауысым	2- ауысым
48	20	28
Жеке пайдалануға арналған шкаф саны	20	

Ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер №6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) іске асырылған.

Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сәйкес ерекше білім бер қажеттіліктері бар адамдар үшін кіре беріске екі жағынан тұтқалар бар пандус орнатылған, баспалдақтың бірінші және соңғы сатыларының контраст түстермен боялар, сынып бөлмелерінде қажетті сандарда балдақтарға арналған ілмектер мен тұтқалар бар .

Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объекті-асхана жұмыс жасайды. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін: Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде ғимараттарда (оқу корпустарында) білім алушыларға арналған тамақтандыру объекті бар. 20 орындық асхана бар, ол қажетті жиһазбен және жабдықтармен қамтамасыз етілген, бұл 11-қосымшаның және ҰБДБ базасының

мәліметтерімен расталған. Тамақтандыру объектісінің санитарлық эпидемиологиялық сәйкестігі туралы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның №М.05.Х.КZ44VWF00109946 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы 29.09.2023 ж. берілген. ИП Ильяшева К. ЖСН 710606540213

11 қосымша <https://cloud.mail.ru/public/ZLy1/ZLLdGvBJu>

Асхана.Қызмет көрсету келісім шарты

<https://cloud.mail.ru/public/Mz54/8D4aJrZDX>

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды

<https://cloud.mail.ru/public/MPAQ/HWYfjwuoX>

6 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР

«Татан ауылындағы ЖББ №23 мектебі»КММ жанындағы кітапхана 1977 жылы құрылған. бөлімінің Кітапхана ғимараттың 2-қабатында орналасқан. Кітапхана ауданы -28кв/м. Кітапханада 1 компьютер, кітапханашы столы -1, стеллаж -3 дана, кітап стеллажы -1 дана, стеллаж витрина -1 дана, шкаф-5 дана, оқырман столы-5 дана, өрт сөндіру құралы – 1 дана. Ауданы 28 м².Оқырман залында 10 орын. Оқу залы абонементпен бірге. Оқулықтар сақтайтын бөлме жеке жабдықталған. Ауданы 12 м². Кітапхана интернет желісіне қосылмаған. Кітапханада 1 компьютер бар. Кітапхананың жұмысын кітапханашы Рахымжанова Марзия Макенқызы жүргізеді. «Кітапхан ісі» арнаулы-орта білімі бар, жалпы жұмыс өтілі-39жыл, кітапханада 31 жыл жұмыс істейді. Жасы 57 де. Жалпы, мектеп кітапханасының жұмысы жеткілікті деңгейде бағаланады және қызметтің барлық бағыттарына сәйкес келеді.

Кітапхана – оқушылардың сапалы білімінің кепілі.Осыған байланысты оқушылардың қабілеттерін, жеке ерекшеліктерін бейімділіктерін ескере отырып, олардың танымдық, ұлттық құндылықтарын, тәжірибелік іс әрекеттерін арттыру мақсатында кітапханадағы жұмыстар ата –ана, ұстаздар ұжымымен тығыз байланыста жүргізіледі.

Өз қызметінде кітапхана Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, Бала құқықтары туралы конвенция, кітапхана ісі туралы құжаттар мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 Мемлекеттік ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру,пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларын,нормативті актілерін, «Білім беру кітапханасы туралы ереже», Кітапхананы пайдалану ережелері», кітапханалық қызмет мектеп кітапханасының жұмысын реттейтін құжаттарды басшылыққа ала отырып мектеп кітапханасының алдына мынадай мақсаттар мен міндеттер қойылды. Мектеп кітапханасының мақсаты:

- оқушылардың жүйелі оқуын ұйымдастыру, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру, рухани және интеллектуалдық өсу, өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, кітапханалық-ақпараттық процестерді компьютерлендіру, ыңғайлы кітапханалық ортаны ұйымдастыру,

мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеу арқылы кітапхана ұсынатын қызметтерді жақсарту.

Кітапхана міндеттері: оқытушыларға кітапханалық-ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету арқылы оқу-тәрбие процесін және өзін-өзі тәрбиелеуді қамтамасыз ету. Білім беру жобаларындағы мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетіне көмек көрсету, дәстүрлі технологияларды жетілдіру және жаңа кітапханалық технологияларды дамыту; мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға ақпарат алуда кеңес беру; ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу, оны пайдаланушыға жеткізу.

Кітапхананың нормативтік базасы қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепте қажетті нормативтік-құқықтық база бар:

Мектеп кітапханасының нормативтік құжаттары

Мектеп кітапханасы туралы ереже.

Мектеп кітапханасының төлқұжаты.

Кітапхананың жылдық жұмыс жоспары

Мектеп кітапханасының жылдық есебі

Кітапхананың жұмыс күнделігі

Кітапхананың жұмыс кестесі

Кітапхананың негізгі қорының жиынтық есебі

Кітапханаға түсетін әдебиеттерге ілеспе құжаттар

Кітапхана қорының мүлік кітаптары

Уақытша сақталатын оқулықтар қорының есеп дәптері.

Кітапхана қорын аударуды есептен шығару актілері

Кітапхана қорын түгендеу және тексеру жүргізу туралы акті

Оқулықтардың кітапхана қорының есеп карточкаларын тіркеу журналы, есеп карточкаларының картотекасы.

Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы немесе , оқырман формуляры

Оқырмандардан жоғалтқан орнына алынған кітаптардың есепке алу дәптері

Кітапхана кеңесі мен белсенділері.

Мерзімді басылым құжаттары .

Кітапхана қорының қозғалысы туралы құжаттар

Кітапхана қорын қалыптастыру

Мектеп кітапханасының оқу қорын толтырудың негізгі әдісі – алдын ала тапсырыс беру. Мектепке жаңа оқу жылына оқулықтар тамыз айында қабылданады. Кітапхана келіп түсетін оқу әдебиеттерін қабылдайды және өңдейді, жыл сайын қаржыландыру циклі бойынша оқу әдебиеттерін, тозығы жеткен және мазмұны бойынша ескірген әдістемелік және көркем әдебиеттерді есептен шығарады. Оқу жылының басында оқырмандарды оқырман формулярына қайтадан тіркеуден өткізеді. Тоқсанына бір рет кітапхана қорларымен бірге «Оқулықтарды таза ұстаймыз» оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізіледі. Әрбір сыныппен оқулықты таза ұстау, беттерін жыртпай, мұқабаларын тыстап күнделікті сабақта дұрыс қолдану бойынша ескерту шаралары жүргізіліп отырады.

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен

тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 бұйрықтары 03.07.2023 ж. түзетулермен № 194 Мектеп кітапханасы білім беру ұйымының оқу жоспарлары мен бағдарламаларын және осы ережені басшылыққа ала отырып мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз етілді. Биыл 2024-2025 оқу жылында аудандық білім бөлімінен «Атамұра», «Алматыкітап», «Арман-ПВ», «Мектеп» баспаларынан жалпы құны- 927826 мың теңге тұратын 376 дана кітап, жұмыс дәптерлері алынды. Оның ішінде 3 сыныпқа «Etandau» бойынша русский язык 1,2 бөлім, жаратылыстану, бейнелеу өнері, ағылшын оқулықтары алынды. Цифрлық сауаттылық электронный вариантта. 8 сыныпқа дүние жүзі тарихы, 9 сыныпқа қазақстан тарихы, қазақстан географиясы жаңадан алынды. М.А.Д сыныбына және 1 сыныпқа жұмыс дәптерлері оқушы санымен толық алынды. Жетіспейтін оқулықтарды «Білімал бойынша» аудан аралық мектептермен акті жасап алмастық. Бүгінде барлық сынып 100% қамтылды. Сонымен қатар 2021-2023 жылдары 229 дана балалар әдебиеті, энциклопедия, ғылыми-танымдық әдебиеттер бойынша көркем әдебиет қорымен толықтырылды. Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылықтың артуына әсер етеді. Сондай-ақ, кітапхана мерзімді басылымдарға уақтылы жазылу арқасында газеттер мен журналдардың жаңа түсімдерімен толықтырылуда. 2021 жылы -8 басылым, 2022 жылы- 0 басылым, 2023 жылы-8 басылым. Жазылымды қаржыландырудың қысқаруына байланысты біз мерзімдік басылымдарды аз аламыз. Газеттер мен журналдарға жазылуға бөлінген бюджет қаражаты мұғалімдер мен оқушылардың әр түрлі тақырыптар бойынша жаңа ақпаратқа деген қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін кітапхана қорын қажетті жинақтау үшін жеткіліксіз.

Қазіргі кезде адамдардың өскелең талабын қанағаттандыру рухани байлығы мен жалпы қабілетімен дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапхананың алар орны ерекше. Сондықтан кітапхана мәдени-ағарту және ақпарат мекемесі баспа шығармаларын сақтайтын, оны таратумен насихаттау жөнінде қызмет атқаратын мәдениет ошағы. Кітапхана оқу-тәрбие процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін бастауыш және орта білім беру ұйымдарының маңызды құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ білімді, рухани және интеллектуалдық қатынасты, мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Кітапхананы пайдалану қағидалары- оқырманның кітапханамен арақатынасын реттейтін құжат және оқырмандарға қызмет көрсетуді ұйымдастырудың, қорларды пайдаланудың жалпы тәртібін кітапхана мен оқырмандардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Кітапхана мүмкіндіктерін ескере отырып оқушылар мен қызметкерлердің кітапхананы пайдалану құқығы бар.

Кітапхана - мәдениеттің символы. Оқырманды тартудың бірден бір орны. Ол өз аймағындағы жақсы істердің жаршысы болып деректі материалдарды жинақтап, оны дер кезінде толықтырып отыру.

Мектеп кітапханасының мақсаты: Оқушыларды заман талабына сай

ақпараттық технологиямен жұмыс жасатуға бейімдетіп, тіл байлығын кеңейтіп, сөздік қорларын, ой-өрісін дамытуға, оқулықты таза ұстап, кітапты құрметтей білуге тәрбиелеу.

Мектеп кітапханасының алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруға, ақпаратқа қол жеткізуге, соның ішінде өзіне қажетті білімді іріктеп, таңдап алуға үйрету. Ол мектеп оқытушылары мен оқушыларына біліми орта құру арқылы ақпараттар көзінің мүмкіндіктерін аша отырып ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептегі ақпараттық мәдениет – бұл кітапқа, кітап оқуға деген ынтаны, сүйіспеншілікті оята білудің, түрлі ақпараттық дереккөздерді іздестіруге және оларды тиімді пайдалануға машықтандыра білудің, өз бетімен білім алуға үйретудің алғашқы қадамы.

Оқу процесін қажетті құжаттармен және ақпараттармен қамтамасыз етуге міндетті орын – оқу кітапханасы. Кітапхана педагогтерге, оқушыларға қызмет көрсете отырып, сыныптан тыс қызмет көрсететін көпшілік орын. Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы өз заманының даму деңгейінде болып, мектептің өркендеуі мен қалыптасуы, оның балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беріп, оқытуға үлкен үлесін қосуда.

Кітапхана қызметкерлері кітапханадан тыс көркем әдебиеттен бастап баспа түріндегі немесе электронды ақпараттар түрлеріндегі әр түрлі кітаптарды пайдалануға көмектеседі.

Оқу жылдары	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жалпы кітап қоры	6380	7374	7942
Көркем әдебиет	3329	3890	4182
Оқулық қоры	3051	3283	3760
Оқырман саны	172	164	139
Кітап беру	2064	1968	1668
Оқылым	2941	2804	2325

2021-2022 оқу жылындағы оқулық қоры

<https://cloud.mail.ru/public/KKdo/hfifSz9Pq>

2022-2023 оқу жылындағы оқулық қоры

<https://cloud.mail.ru/public/PVQu/eJrJQ4hAb>

2023-2024 оқу жылындағы оқулық қоры

<https://cloud.mail.ru/public/HqYv/DyDNwUa7s>

2021-2024 оқу жылындағы оқу әдістемелік және көркем әдебиет қоры

<https://cloud.mail.ru/public/2qBF/C5gYRv3oL>

<https://cloud.mail.ru/public/4qdT/u7Xs1TX4u>

Оқырмандармен жұмыс – кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Кітапхана қызметі «Кітапхана туралы ережеге», «Кітапхананы пайдалану ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады. Оқырмандар көркем, ғылыми, оқу-әдістемелік, анықтамалық және басқа да әдебиеттерді уақытша пайдалану үшін алады, библиографиялық және анықтамалық ақпараттық қызметтерді пайдаланады, қоғамдық іс-шаралар. Оқырмандар арасында кітапхананы өз

бетінше қолданушы дағдыларын дамыту, мектеп оқушыларын жүйелі оқуға, танымдық қызығушылыққа, оқу бағдарламаларын меңгеруге тәрбиелеу шаралары жүргізілуде. Кітапхана жұмысында оқушыларды кітапқа баулу, кітап оқуға деген қызығушылығын ояту үшін түрлі формалар мен әдістер қолданылды. Кітапхана педагогтерге, оқушыларға қызмет ете отырып сыныптан тыс іс –шараларға ат салысады. Атаулы даталарға байланысты тақырыптық көрмелер ұйымдастырады.

Мектеп 2020 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырып келеді. Жобаның мақсаты: Жас ұрпақтың бойына елжандылық пен ұлттық құндылықты, азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ата-аналар мен оқушы, мұғалімдердің оқу мәдениетін, оқу сауаттылығын, оқу белсенділігін арттыру. Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақыты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету. Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жалғастыру. «Буккросинг» кітап алмастыру бұрышына осы уақытқа дейін оқушылардан бөлек мектеп ұстаздары да келіп, бір-бірімен пікір алмасып, керекті мәліметтерді іздеп, өз қажеттіліктеріне жаратып жүр. Жыл сайынғы ақын-жазушылардың атаулы мерей тойлары, сыныптан тыс шаралар, тәрбие сағаттары, мектепшілік іс-шаралар «Буккросинг» бұрышында өту дәстүрге айналған. Кітапты насихаттау бойынша аптасына үш рет 20 минуттық «Бірге кітап оқимыз!» шарасы ұйымдастылады. «Оқыдым-басқаға сыйлаймын» қағидасы бойынша оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын достарымен алмасады. Кітапхананың алғашқы оқырмандары үшін жыл сайынғы «Кітапханамен таныстыру» экскурсиясы өткізіледі. Оқырмандарға кітапхана ережелері мен кітапты ұқыпты ұстау ережелерімен таныстырылады. Бұл күні әр түрлі пішіндегі, көлемдегі және жанрдағы ашық түсті иллюстрацияланған кітаптар ұсынылатын көрме ұйымдастырылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Мен кітап оқығанды жақсы көремін» тақырыбында отбасылық кітап оқу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында бейнероликтер жасалып, әлеуметтік желіге салынды. «Бір отбасы-бір кітап» акциясы бойынша мектепшілік шара өтті. Шараға Талғатовтар, Мұхамедовтер, Қайратовтар отбасы қатысты.

«Атаулы күндер» ақпараты бойынша оқушылар мен ұстаздарға арналып ай сайын көрме ұйымдастырылып отырады. Онда ақын жазушылардың өмірі және шығармашылығына, туындыларына байланысты ақпараттар жасақталған. Мектебімізде 14-ақпан «Кітап сыйлау күні» байланысты оқушылар мен ұстаздар арасында үнемі байланыс болып, оқырмандар кітапхана қорына кітап сыйлау дәстүрі жалғасын тауып келеді.

<https://www.facebook.com/share/ke5dmXGgQmChVKD6/?mibextid=xfxF2i>

2021-2024 оқу жылдары арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған іс-шаралар мектептің Facebook желісіне жүктеліп отырады.

Атап айтатын болсақ бастауыш сыныптармен өткізілген шаралар, оқырман конференциялары, бастауыш сынып оқушыларымен «Квест» ойыны,

«Зообак» әлемінде, поэзия кештері, дөңгелек стол, пікірталас, танымдық кештер, мәнерлеп оқу, бинго ойыны, портрет кештері, 2- сәуір Халықаралық кітап күніне байланысты апталықтар, буккроссинг өтеді.

2021-2023 жылдар аралығында өткізілген шаралар әлеуметтік желіге жүктеліп отырады.

Қарағанды облыстық білім басқармасының "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Қарқаралы ауданы Татан ауылындағы 23 мектеп кітапханасында "Өзің оқысаң, өзгеге табыс ет" акциясы өтті. Оқуға құштар жобасы" аясында мектеп кітапханасында "Бір отбасы- бір кітап акциясы өткізілді. Мақсаты: Білім алушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid027QyrguSj5iB29g2M2oEXt2ThwnjUDASwa9WdAhY72EkycbVjphqFRDY1SD1My279l&id=100065607573712

"Бір отбасы- бір кітап" акциясы бойынша Ильяшев Досжан отбасының дайындаған видеоролигі. Мақсаты: Отбасындағы балалардың кітап оқуға құмарлығын арттыру, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорының көбеюін, оларды кітаптан рухани байлық алуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1KEjFsTGCo/>

Мектеп кітапханасында жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына байланысты 6 сынып оқушыларымен оқу сағаты өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/18GrAiLWop/>

Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан болған Қажымұқан Мұңайтпасұлының Мұңайтпасұлына арналған іс шара өткізілді. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажы Мұқан бабамыздың ерліктері оқушылармен бірге талқыланып талданды

<https://www.facebook.com/share/p/1Dio8bMeyB/>

Оқуға құштар жобасы аясында 2 сәуір халықаралық балалар кітап күніне байланысты апталықтан көріністер

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0hmxUxcW4LBFUZLg gpC3WnBWJpbMpSE8yaRHPCQ4qjB5VzDCZVXCQa557qyPR23kCl&id=100065607573712

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Татан ауылындағы ЖББ #23 орта мектебі КММ-де кітапханашы М.Рахымжанованың ұйымдастыруымен 9 сынып оқушыларымен өткізілген дебат ойынынан көріністер. Жетекшісі тәлімгер Смақанова С.

<https://www.facebook.com/share/p/14Dcrc9UtY/>

Татан ауылындағы ЖББ 23 мектебінде кітап апталығында бастауыш сынып оқушыларының "Менің сүйікті кейіпкерім" атты сурет көрмесінен көріністер.

<https://www.facebook.com/share/p/17kavNjQHk/>

Татан ауылындағы 23 ЖББ мектебінде оқу сауаттылығы апталығының төртінші күнінде "Қаңтарда туған қаламгер" атты 9-10 сыныптар арасында дөңгелек үстел өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1AWXqJSChz/>

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтың өмірі мен шығармашылығынан мәлімет бере отырып 6 сынып оқушыларымен "Көксерек" повесінен сұрақтар бойынша өз пікірлерін ортаға салып, осы шығарма бойынша тест сұрақтарына жауап берді.

<https://www.facebook.com/share/p/15BbTcdJk2/>

Татан ауылындағы ЖББ 23 мектебі КММ кітапханасында 2-сәуір халықаралық балалар кітап күніне орай апталық өтті.

#оқуғақұштармектеп

<https://www.facebook.com/share/p/19FYyre5Y3/>

Татан ауылындағы ЖББ 23 мектебі КММ нің кітапханасында Оқуға құштар жобасы аясында 2-сәуір халықаралық балалар кітап күніне орай апталықтың екінші күнінде интеллектуалдық "Бинго" ойыны бастауыш сыныптар арасында ойнатылды.

Апталықтың үшінші күні оқыған кітаптары бойынша "Әдеби джем" ойыны өткізілді

Апталықтың төртінші күні сурет қиыңдыларынан 3Д ертегілер құрастырды
Апталықтың бесінші күні кез келген кітап бетінен "Пазл" құрастырды

<https://www.facebook.com/share/p/15THCt4mDC/>

"Татан ауылындағы ЖББ#23 мектебі" КММ кітапханасында 23 сәуір Дүниежүзілік кітаптар күніне орай апталық аясында бірінші күні жоспармен таныстырылды.

а/"Интернетсіз өткен бір күн"

б/"Интернет орнына бір кітап оқы"

в/"Кітап оқу болашақтың жарқын жолы" атты пікірлесу кеші өтті.

Мақсаты-білімнің қайнар көзі кітап екенін, сауатты білімді болуға, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыруға, интернеттің ,телефонның адам өміріне зиян екенін түсіндіру.

<https://www.facebook.com/share/p/1CinGMQdsQ/>

"Татан ауылындағы ЖББ#23 мектебі"КММ кітапханасында 23 -сәуір Дүниежүзілік кітаптар күніне орай апталықтың екінші күнінде бастауыш сынып оқушыларымен мектеп психологы Ақнұр Жұмақанқызымен бірлесе отырып "Кітап терапиясы" тренигі өтті.

Шараның мақсаты- ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту ойлау,қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге тәрбиелеу.

Оқушылар әртүрлі кедергілерден өту арқылы сұрақтарға жауап беріп әртүрлі ойыншықтардан ертегі құрастырды."Мақта қызбен мысық" ертегісінен көрініс қойды.

<https://www.facebook.com/share/p/1GHeZB4oNp/>

"Татан Ауылы Жбб#23 мектебі"КММ-де 23 сәуір Дүниежүзілік кітап мерекесіне орай өткізілген апталықтың үшінші күнінде 5-7 сыныптар аралығында "Батырлар жырлайды" соғыс, ерлік тақырыбындағы өлеңдерді жатқа оқыды.

